

## Білім беру ұйымдарының жетекшілеріне

### АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Білім саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі (<http://www.kera.kz>), Білім саласындағы зерттеушілердің еуропалық ассоциациясының мүшесі (European Educational Research Association) Сізді «Евразия білім саясаты мен тәжірибесіндегі басты тенденциялар» бірінші халықаралық ғылыми конференцияға шақырады. Конференция Қазақстанның білім саласындағы зерттеулерді жандандыру, қазақстандық зерттеушілердің халықаралық ғылыми қауымдастықпен араласуын арттыру, білім саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қатысушыларының жоғары әлеуетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

Қатысуға ТМД елдері Білім және ғылым министрліктерінің өкілдері, республикалық бағынышты ұйымдар, облыстық білім басқармаларының, отандық және шетелдік ғалымдар, білім саласындағы халықаралық сарапшылар, білім саласындағы барлық дәрежедегі басшылар, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, жоо мен колледждер ұстаздары, мектеп мұғалымдері, әдістемелік бірлестіктер жетекшілері, қоғамдық бірлестіктер шақырылады. Конференция бағдарламасы шақырылған спикерлердің сөздерін, панелдік сессиялар, үйрету семинарларын және мастер-кластарды қамтиды.

#### **Конференцияның негізгі бағыттары:**

- Білім мазмұнындағы инновациялар;
- Үштілдік оқыту;
- Инклюзивтік білім беру;
- Білім саласындағы бағалау мен өлшем;
- Педагогикалық білім беру;
- Қауымдастық, отбасы және мектеп мәтініндегі педагогикалық зерттеулер;
- Этнопедагогика және білім беру тарихы;
- Білім беру саясаты саласындағы зерттеулер;
- Мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы зерттеулер;
- Техникалық және кәсіптік оқыту саласындағы зерттеулер;
- Жоғары білім беру саласындағы зерттеулер.

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, қытай тілі.

**Конференция өту мерзімі және мекен-жайы:** 9-11 ақпан 2017 жыл, Назарбаев университеті, С-3 блогі, Кабанбай батыра проспекті, 53, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы. Конференция Назарбаев Университет базасында білім беру саласындағы басқа ұйымдардың қолдауымен өткізіледі.

Ұйымдардың толық тізімі 1-қосымшада.

Тіркелу мерзімі – 2017 жылдың 30 қаңтарына дейін. Тіркелу 2016 жылдың 1 қарашасынан бастап мына сілтемеде ашық: <http://conferences.nis.edu.kz>.

### Тіркелу жарнасы

	2016 жылғы 1 қарашадан 2016 жылғы 30 желтоқсанаға дейін тіркелу құны	2016 жылғы 31 желтоқсаннан 2017 жылғы 30 қаңтарға дейінгі тіркелу құны
ІЖӨ жоғары елдерден қатысушыларға	10 000 тг.	15 000 тг.
ІЖӨ орта және төмен елдерден қатысушыларға*	5 000 тг.	7 500 тг.
Студенттер (азаматтығына қатыссыз)	2 000 тг.	3 000 тг.

ІЖӨ төмен және орта елдер тізімі: Африка елдері, Латын Америкасы елдері, Азия елдері (Бруней, Гонконг, Израиль, Жапония, Кувейт, Катар, Сингапур и БАӘ енбейді) және Европа елдері: Албания, Армения, Беларусь, Болгария, Босния және Герцеговина, Венгрия, Грузия, Қазақстан, Косово, Латвия, Литва, Македония, Мальта, Молдова, Польша, Португалия, Россия, Румыния, Сербия, Словакия, Турция, Украина, Хорватия, Чехия, Черногория және Эстония.

Бұл елдердің толық тізімен Білім саласындағы европалық зерттеушілер сайтында (<http://www.eera-ecer.de/ecer-2016-dublin/submissions-registration/registration-and-fees/low-gdp-countries/>) танысуға болады.

### Негізгі мерзімдер:

- 2016 жылғы 1-ші қарашадан 30 желтоқсанға дейін - конференцияға баяндамашы ретінде қатысу абстрактілерін қабылдау;
- 2016 жылғы 30-шы желтоқсан - конференцияға тыңдарман ретінде қатысудың ерте тіркелудің соңғы мерзімі;

- 2017 жылғы 30-шы қаңтар - конференцияға тыңдарман ретінде қатысуға кеш тіркелудің соңғы мерзімі.

### **Байланыстық ақпарат**

Барлық сұрақтар бойынша ғылыми конференцияның Ұйымдастыру комитеті «Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қауымдастығы» ҚБ: ұйымдастыру комитеті төрағасы – Макхатчон Дэвид, тел. +7 (7172) 23 57 00 (ішкі: 1042) e-mail: [mchutchon\\_David@nis.edu.kz](mailto:mchutchon_David@nis.edu.kz); ұйымдастыру комитетінің тең төрайымы Керімқұлова Сұлушаш Ықсановна, тел.: +7 (7172) 70 61 44, e-mail: [skerimkulova@nu.edu.kz](mailto:skerimkulova@nu.edu.kz); әкімші және Білім саласын зертеушілердің европалық ассоциациясының өкілі (EERA) Құрақбаев Қайрат Сеитович, тел.: +7 (7172) 70 65 76, e-mail: [kkurakbayev@nu.edu.kz](mailto:kkurakbayev@nu.edu.kz)

Көрмеге демеушілік қолдау және қатысу бойынша мына поштамен- [conference.kera@gmail.com](mailto:conference.kera@gmail.com) байланысыңыз.

### **Қатысушылар назарына!**

Конференцияны ұйымдастыру комитеті қатысушыларды қарсы алу және орналастыру мәселелерімен айналыспайды. Қонақүйлерде орынды брондауды қатысушылар өздері жүргізеді. Қазақстан, Астана қ. Бойынша қонақүй брондау бойынша сайт: <http://www.booking.com/city/kz/astana>

Құрметпен,

Қайрат Құрақбаев, Хатшы

Дэвид Макхатчон, Конференцияның ұйымдастыру комитеті төрағасы

«Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қауымдастығы»  
ҚБ бірінші халықаралық конференциясын қолдаушы ұйымдар:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- Назарбаев Университеті;
- Назарбаев Зияткерлік мектептері;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы;
- Білім саласын зерттеушілердің европалық ассоциациясы (European Educational Research Association);
- Болон үрдісі және академиялық мобилдік орталығы;
- Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттік (НКАОКО);
- ҰАҚ «Холдинг «Кәсіпқор»;
- Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті;
- Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университет;
- Ұлттық тестілеу орталығы;
- Ақпараттық – талдау орталығы;
- Болашақ халықаралық бағдарламалар орталығы;
- Қазақстан педагогикалық білімдер академиясы;
- "Өрлеу" ұлттық білім жетілдіру орталығы;
- Қазақстандағы Британ Кеңесі (British Council);
- Астана Сонвеншин Бюро;
- "Сандж" зерттеу орталығы;
- Дүниежүзілік Банк;
- Орталық –азиялық білім беру платформасы (ЦАПО);
- Ғылым және мәдениет ресейлік орталығы;
- QSI School, Астана;
- Haileybury School, Астана.

## **Баяндамалард тіркеу және таңдау шарттары**

### **Қонференцияға қатысу форматы**

KERA 2017 конференциясы бағдарламасы қатысудың екі түрін қарастырады: баяндамашы және тыңдарман ретінде.

### **Өтінім беру тәртібі**

KERA 2017 халықаралық конференциясы білім саласындағы зерттеушілерге Қазақстанның және ТМД елдеріндегі білім берудің барлық дәрежесіндегі негізгі тенденцияларға қабысы өз көзқарастары мен тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік тудырады. Бұл іс-шара тәжірибе алмасу үшін қажетті платформа құрады және барлық қызығушы тараптар арасындағы тиімді диалогты бекітеді, сондай-ақ, ұсынылған идеялар негізінде жаңа инновациялық шешімдерді ары қарай дамытуға ынталандырады.

Конференцияда баяндамашы болу үшін онлайн тәртібінде өтінім толтырып, баяндама абстрактін KERA ұйымдастыру комитетінің электрондық адресіне 2016 жылғы 30 желтоқсанға дейін жіберу қажет.

Тыңдарман ретінде қатысушылардың онлайн нысандағы өтінімді 2016 жылғы 30 қаңтарға дейін жіберуі шарт.

### **Материалдарды рәсімдеу талаптары**

Баяндама абстрактілерін (аннотациялар) қабылдау тіркеуден соң бірден жүргізіледі. Әлеуеті спикерлердің баяндама абстрактілері таңдау деңгейлеріне сәйкестігіне қарастырылады.

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдері. Абстрактілер (аннотациялар) төрт тілде қабылданады: қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде. Таңдаудан өту үшін баяндаманы жазу мен рәсімдеудегі төмендегі ережелерді ұстану қажет.

Баяндамаларды таңдау деңгейлері

1. Баяндама тақырыбы конференция тақырыбына немесе сессиялардың бірінің тақырыбына сәйкес болуы тиіс (1 балдан 5 балға дейін);

2. Баяндама нақты зерттеу теориясына құрылуы тиіс (1 балдан 5 балға дейін);

3. Баяндамадағы аргументтер мен дәлелдер сандық және сапалық, аралас немесе контент-талдау әдістері қолданылған нақты зерттеу және ғылыми мәліметтерге негізделуі тиіс (1 балдан 5 балға дейін);

4. Зерттеу нәтижелері мен баяндама шешімдері педагогикалық ғылымға және тұтастай заманауи білім беру жүйесінде өзекті сипатта болуы тиіс (1 балдан 5 балға дейін);

5. Баяндама дұрыс жазылған және ұғынымды мазмұндалған, аргументтері логикалық тұтас және ішкі қайшылықсыз болуы тиіс (1 балдан 5 балға дейін);

6. Баяндамада қолданылған әдебиеттер тізімі берілуі тиіс (1 балдан 5 балға дейін).

**Баяндамалар форматы:**

Презентация;

Панелдік сессия;

Дөңгелек үстел;

Белгілі тақырыптағы симпозиум (ең көбі 3 баяндама).

**Жүйелік бағыттары:**

Баяндамалар тақырыбына белгілі шектелер жоқ, бірақ төмендегі жүйелі бағыттардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1. Білім беру мазмұнындағы инновациялар;
2. Үштілде оқыту;
3. Инклюзивтік білім беру;
4. Білім беру саласындағы бағалау мен өлшем;
5. Педагогикалық білім беру;
6. Қауым, отбасы және мектеп мәтініндегі педагогикалық зерттеулер;
7. Этнопедагогика және білім беру тарихы;
8. Білім беру саясаты саласындағы зерттеулер;
9. Мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы зерттеулер;
10. Техникалық және кәсіптік оқыту саласындағы зерттеулер;
11. Жоғары білім беру саласындағы зерттеулер.

Баяндама тақырыбы ерекше және қазіргі уақыттағы білім саласында өзекті болуы шарт.

**Баяндамаларды рәсімдеу:**

- 1) Жүйелі бағыттарды анықтау;
- 2) Баяндама абстрактісі – максимум 600 сөз;
- 3) Қолданылған әдебиеттер тізімі – максимум 400 сөз;
- 4) Қысқаша библиографиялық ақпарат – максимум 200 сөз.

**Баяндамаларды таңдау үрдісі**

Барлық абстартілердің таңдау көрсеткіштеріне сәйкестігін бірнеше сарапшылар қарайтын болады. 2017 жылдың 30 қаңтарына дейін өтінім берген барлық қатысушыларға жауаптар мен комментарийлер жіберіледі. Таңдалып алынған баяндамалар авторлары қатысу жөніндегі барлық мәлімет туралы ақпарат алады.

**Маңызды ақпарат**

Барлық қатысушылар конференцияға қатысу барысындағы шығындарды: тіркеу төлемін, ұшу, баспана және тамақтану өз тарапынан өтейді.

### **Конференция материалдарының жинағы**

Конференция өткен соң баяндама авторлары өздерінің ғылыми мақалаларын Ассоциация жинағында электрондық нысанда шығаруға шақырылады. Ғылыми материалдарға ашық қолжетімділік саясатын дамыту мақсатында баяндамалар жинағы Назарбаев Университета және GoogleScholar репозиторилерінде индекстеледі. Конференцияға қатысу материалдардың жинаққа шығуының негізгі шарты болып табылады.

### **«Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қауымы» ҚБ Eurasian Journal of Education журналы**

Аса сапалы ұйымдастырылған ғылыми зерттеулер авторлары өздерінің ғылыми мақалаларын Eurasian Journal of Education Ассоциациясы журналында жариялауға шақырылатын болады.